

Есбол орта мектебінде ата-аналар кеңесі отырысының

№1 хаттамасы

23 қыркүйек 2022 жыл

Ата - аналар - 27 адам

Шақырылды: әжелер алқасының және әкелер алқасының мүшелері, барлығы 12 адам

Қаралатын мәселелер:

1. «Мектепке жол» акциясы туралы. А.Төреғалиева
2. «Білім күні» мерекесін ұйымдастыру туралы. С.Қоржықбаева
3. Ата- аналар Кеңесінің жаңа 2022-2023 оқу жылының міндеттері.

Ата- аналар кеңесінің комитет отырысының жұмыс жоспарын бекіту. Л.Нұрғалиева
Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог А.Төреғалиева сөз алып, «Мектепке жол» акциясының бүкіл жыл бойы өтетіндігін айта келіп, сынып жетекшілердің атааналар комитетімен тығыз байланыста болып, көмек қажет ететін оқушыларды анықтап, демеуші ата-аналардың тарапынан көмек ұйымдастырылып жатқандығына тоқталды, Осы орайда сыныптардың ата-аналар комитеттері мен қамқоршылық кеңес мүшелерінің жұмысты ұйымдастырудағы белеенділігін атап өтті.

Екінші мәселе бойынша директордың ТІЖО С.Қоржықбаева «Білім күні» мерекесіне арналған салтанатты жиынға 1-сынын оқушылары ғана қатысатындығын ескертті. Сонымен қатар, биылғы оқу жылында қашықтықтан білім алу кезіндегі олқылықтарды жоюға көңіл бөлінетіндіктен, оқушылардың білім сапасын көтеруге үлес қосу- ата-аналарға жауапкершілік артатындығына тоқталып, ата-аналар комитетінің мүшелерін осы бағыттағы жұмысты жандандырып, ата-аналар арасындағы түсіндірме жұмысын ұйымдастыруда көмек беруге шақырды.

Үшінші мәселе бойынша ата-аналар кеңесінің жетекшісі Л.Нұрғалиева 2022-2023 оқу жылындағы ата-аналар кеңесінің алдындағы міндеттермен, іс-шаралар жоспарымен таныстырды.

Қаулы етілді:

- 1.Мектепке жол» акциясын ұйымдастыруда 1-11- сынып ата- аналар кеңестерінің жұмысы жандандырылсын.
2. «Білім күніне» арналып ұйымдастырылатын тәрбиелік шараларға ата-аналар кеңесінің мүшелері санитарлық талаптарды сақтай отырып, қатыстырылсын.
3. Ата- аналар кеңесінің жаңа 2022-2023 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары бекітілсін.

Жиналыс төрайымы
Хатшы

Саликова
Нұрғалиева

Э.Саликова
Л.Нұрғалиева

ХАТТАМА №2

Өткен күні 23 желтоқсан

Қатысқандар: 27

Мектеп директоры Э.Саликова

Тәрбие жөніндегі орынбасары С.Қоржықбаева

Әлеуметтік педагог А.Төреғалиева

Сынып жетекшілер

1-11 сыныптың ата-аналары

Күн тәртібінде:

1. Ата-ананың бала өміріндегі орыны және жауапкершілігі.

Мектеп психологі Э.Саликова

2. Балалар қауіпсіздігінің алдын-алу

Мектеп инспекторы

4. Мектептің отбасымен өзара әрекеттесуі

Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары С.Қоржықбаева

ТЫНДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша мектеп психологы Э.Саликова «Ата-ананың бала өміріндегі орыны және жауапкершілігі» тақырыбында баяндама оқып, презентациямен әлеуметтік бейнеролик көрсетті. Сонымен қатар, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу мақсатында ата-аналарға «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың баланың психо-эмоционалды дамуына әсері» тақырыбында кеңес беру жұмысын жүргізді. Суицидтік жағдайдың алдын-алу мақсатында «Жасөспірімдердегі суицид, Балалардың өмірін қорғайық» тақырыбында презентация көрсетіп, алдын-алу жұмыстарымен жандандырды. Сонымен бірге, мектеп психологтары «Есірткісіз өмір-балалар болашағы», «Ғаламтор және кибербуллинг», «Буллинг дегеніміз не?» тақырыптарында бала өміріне жауапты ата-аналармен алдын-алу және кеңес беру жұмыстарын жүргізді. Мектеп психологы оқушылардың психо-эмоционалды жағдайын үйде де бақылап отыруға кеңес берді. Бала өміріне кері әсері бар жағымсыз деструктивті сайттармен таныстырды. Жиналыс соңында ата-аналарға арналған жаднамалар таратылды. Барлық материалдар қазақ жүргізілді.

Екінші мәселе бойынша мектеп инспекторы балалардың қауіпсіздігін камтамасыз ету мақсатында, түнгі уақытта ойын-сауық орындарында болған және ата-анасының бақылауынсыз жүрген балаларды анықтау бойынша түнгі рейд тұрақты түрде жүргізіліп тұрады. Кешкі уақытта құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында мектептің ұстаздарымен бірге рейд ұйымдастырылады. Сонымен қатар, мектепте кәмелетке толмағандардың құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша қоғамдық орындарда, саябақтарда, көшелерде жүргенде және бөтен адамдармен қарым-қатынас кезінде өзін қалай ұстау керектігі туралы оқушылармен кездесулер өткізіліп тұрады. Осы бағытта түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Қазіргі таңда жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері қатаң бақылауға алынған. Сондай-ақ, бұл бағытта жан-жақты жұмыстар атқарылып жатыр. Үшінші сұрақ бойынша мектеп медбикесі Г.Нуримова бүгінде бақылаудағы

өтті. Нарколог дәрігерлер бұл заттардың әрқайсысы «адам ағзасы мен психикасына ешқашан өшпейтіндей із қалдырады», дейді. Мәселен, синтетикалық есірткілер адамға марихуана мен анашамен салыстырғанда 10-15 есе қатты әсер етеді екен. Дәрігерлер тіпті «синтетиканы» тұрақты қолданушыларда галлюцинация болып, соңы қайғылы оқиғамен аяқталып жатады деген алаңдаушылығын да білдіріп отыр.

Мектептің отбасымен өзара әрекеттесуі төртінші сұрақ бойынша тәрбие жөніндегі орынбасары С.Қоржықбаева бала тәрбиесінің негізі - отбасы екенін ескере отырып, отбасындағы ата - ана - баланың өмірлік ұстазы және тәрбиешісі екенін айтып кетті. Баланың болашағы, білімі, мәдениеті отбасындағы ата - ананың сіңірген еңбегіне, тәлім - тәрбиесіне байланысты. Әрбір ата - ана өзінің баласын білімді, мәдениетті, жан - жақты етіп тәрбиелеуге міндетті. Қазіргі кезде отбасы тәрбиесі мәселесі әлемдік деңгейде қарастырылуда.

Тәрбие дегеніміз - халықтың ғасырлар бойы іріктеп, жинақтап алған озық тәжірибесін, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын жас ұрпақтың бойына сіңіру, соған сай мінез - құлық қалыптастыру. Жас ұрпақ бойында жақсы қасиет, адамдық құндылық, талғам мен талантты жетілдіру ата - ана мен мұғалімнің басты міндеті. Әрбір ата - ана еліміздің болашағының жарқын болуы үшін, балаларын тәрбиелей отырып ат салысады. Ол үшін баланы тәрбиелеушінің өзі тәрбиелі болуы тиісті. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген ұлағатты сөз соның айғағы. Саналы тәрбие, сапалы білім баланың ертеңіне даңғыл жол ашады. Адам өмірінің алтын бесігі - мектеп қабырғасында өткен жылдар. Бұнда бала жаңа өмірдің заңдылықтарын үйренеді. Мектеп ұжымына ата - ананы көмегі ауадай қажет. Мектеп пен ата - ана арасындағы сыпайы сыйластық үндесіп жатса, бала тәрбиесі жақсы болары сөзсіз деп сөзін аяқтады.

Қаулы етілді:

- 1) Ата-ананың бала өміріндегі жауапкершілігі жөнінде ата-аналарға қажетті кеңестер берілсін. Мектеп психологтары деструктивті сайтқа тіркелген оқушыларға онлайн мониторинг жүргізісін. Оқушылардың психо-эмоционалды жай күйі бақылау күнделігіне күнделікті толтырылсын.
- 2) Балалардың қауіпсіздігін алдын-алу мақсатында түнгі уақытта рейд жұмыстары тұрақты жүргізілсін. Мектеп инспекторымен кездесулер өткізілсін.
- 3) Оқушылар арасында зиянды әдеттер туралы түсіндірме жұмыстары, тәрбие сағаттары, дөңгелек үстел, презентациялар жүргізілсін
- 4) Мектеп және ата-ана арасындағы ынтымақтастық жұмысы жандандырылсын. Мектеп пен ата-ана арасындағы қарым-қатынас күшейтілсін. Отбасындағы баламен ата-ананың ықпалын арттыру, бала тәрбиесінде ата-ананың жауапкершілігін нығайту жөнінде жұмыстар жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы
Хатшы

*Саликова
Нұрғалиева*

Э.Саликова
Л.Нұрғалиева

ХАТТАМА №3

Өткен күні 6 наурыз 2023 жыл

Қатысқаны: 29

Күн тәртібінде:

1. Ата – аналар комитетінің І жарты жылдық жұмысының қорытындысы
2. Жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктері (әңгімелесу)
3. Ағымдағы мәселелер

Тындалды:

1. 2022 – 2023 жаңа оқу жылының басталуы, оқушылардың мектеп формасы. Ағымдағы жылға оқушылардың мектеп формасының классикалық стильде және барлық 1-11 сыныптарда білім алушылар үшін бірінғай болып есептеледі.

Қыздар үшін формаға белгіленген үлгідегі көк түсті юбка тік белдемшелі, көк жилет, ақ түсті жейде, қысқа немесе ұзын жеңді тенниска.

Ер балалар формасына көк түсті шалбар, көк түсті түсті жилет, ақ түсті жейде, қысқа немесе ұзын жеңді тенниска

2. Жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктері баяндама барысында баланың жасөспірімдік (14,5-17 жас) бұл күрделі кезеңнің басталуы екенін мектеп психологы Э.Саликова сөз етті. Ал, оның негізгі ерекшеліктері қандай? Адамның дене дамуының аяқталатын кезеңі. Бойдың ұзаруы жеткіншек кезеңге қарағанда баяулайды.

Қыздардың бойының толуы орта есеппен 16 мен 17-нің арасында болады (ауытқу плюс-минус 13 ай), жігіттерде 18 мен 19-дің арасы (ауытқу плюс-минус 10 ай).

Салмағы артады, осының өзінде ер балалар қыздардан қалып келген есесін толтырады. Бұлшық ет күші өте тез өседі: 16 жаста ер бала 12 жастағысынан бұл тұрғыдан екі есе асып түседі. Бойы толысқаннан кейін шамамен бір жылдан кейін адам қалыпты ересектік бұлшық ет күшіне жетеді. Әрине, көп нәрсе дұрыс тамақтану режимі мен дене шынықтырумен шұғылдануға байланысты. Спорттың кейбір түрлерінде балан жастық – ең көп жетістіктерге жететін кезең.

Ағымдағы мәселелер жайлы жалпы ата аналарға сөз берілді.

Ата-аналар өздерінің қызықтыратын сұрақтары мен ұсыныстарын айтты.

Қаулы етілді:

1. Оқушылардың сабаққа келуін, кешікпеуін ата-аналар тарапынан да қадағалау
2. Ата-ананың мектеппен тығыз байланысты болуын ұйымдастыру.
3. Сабақтан тыс уақыттағы өмір қауіпсіздігі, үйінде болуы, сабақтан қалмауы кешкі уақыттарда сабақтан тыс кездерде бей-берекет көшеге шығармау ата-анасына тапсырылсын.

Жиналыс төрайымы
Хатшы

Саликов
Нұрғалиев

Э.Саликова
Л.Нұрғалиева

Есбол орта мектебінде ата-аналар кеңесі отырысының

ХАТТАМА №4

2022-2023 оқу жылы бойынша ата-аналар комитеті отырысы болып өтті.

27.04.2023 ж.

Ата аналар саны - 32

Күн тәртібінде:

- 1.4 тоқсан оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы
- 2.Жазғы сыртқы лагерь жұмыстарының ұйымдастырылуы туралы
- 3.Жазғы демалыс уақытындағы оқушылардың қауіпсіздігі туралы
4. Жаңа оқу жылындағы оқушылардың мектеп формасы туралы
- 5.1-4-9-11 бітіруші сыныптарда қорытынды емтихан т.б кезінде ата аналардан ақша жиналмайтыны туралы таныстыру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған шаралар
- 6.Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша таныстырылып өтті. Оқу-тәрбие жұмысы бойынша есеп берілді.

2 мәселе бойынша жазғы сыртқы лагерьге баратын оқушылардың тізімін, уақытын, қажетті құжаттарды жинау бойынша ата аналарға таныстырылды.

3 мәселе бойынша Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз сөйлеп қауіпсіздік ережелерімен ата-аналарды таныстырып, жолда бала сақ жүруіне, абай болуына ата-аналарға үгіт-насихат жұмыстар жүргізіп, қол қойғызды.

4 мәселе бойынша жаңа оқу жылындағы оқушылардың мектеп формасы туралы ережесімен таныстырылып, ата аналарға мектеп формасының үлгілері көрсетілді.

Қаулы етеді:

1. Оқушылардың сабаққа дайындығын бақылау, сыныптың білім сапасын көтеру.
2. Қауіпсіздік ережелерін ата-аналар балаларына үнемі сынып жетекшісімен қатар түсіндіріп отырсын.
3. Жазғы демалыс уақытындағы оқушылардың қауіпсіздігі туралы ата аналар жауапкершілікке алу

Жиналыс төрайымы
Хатшы

Саликова
Нұрғалиева

Э.Саликова
Л.Нұрғалиева